



Ересек жас тобы

Сөйлеуді дамыту: Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [Ж], [Ш] дыбыстары.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға оқиғаларды тақпақ шумақтарымен сипаттаудағы сөздің ұйқасы мен ырғақтылық тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру; дауыссыз [ш], [ж] дыбыстарының естілу ерекшеліктерімен таныстыру; көлік түрлері туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, жол ережелерін пысықтау; дауыссыз [ш], [ж] дыбыстарының артикуляциясын жаттықтыру, осы дыбыстарды құлақпен есту және жекеше түрде, буын не сөз құрамында, қарапайым мәтінде айту біліктерін, фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру; есту зейінін, еске сақтау, елестету, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды сөздердің дыбысталуына деген қызығушылыққа, жол ережелеріне қатысты тәртіпке, әдептілікке, зеректікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың сөздік қорына: жүргізуші, жүргінші, жол ережелері, дауыссыз дыбыстар, бағдаршам, жүгірме, шулама, жағаласпа, жүр, тұр, тоқта сөздерін енгізу.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, жұмбақ жасыру, логикалық жаттығу, суреттер сериясы бойынша тақпақты мәнерлеп оқу, зияткерлік картамен тақпақтар бойынша өздік әңгіме құрастыру, фонетикалық ритмика, сергіту сәті, артикуляциялық жаттығу, тақпақтар мазмұны бойынша сөздік жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көшедегі көліктердің жүрісі мен дыбыстық белгілерінің аудиожазбасы.

Барлық көліктер түрлерінің көшеде жүргені туралы сурет.

Құрлық көлігі түрлерінің суреті.

Жол жүру ережелеріне арналған суреттер:

бағдаршам;

бағдаршамның «Тоқта!» белгісі;

жаяу жүргіншінің өтпесі алдында жүргінші тұр, сол жағында автобус тоқтап тұр;

автобус салонындағы жүргіншілердің, жолаушылардың отырғаны және тұрғаны,

ұстағыштарды ұстағаны;

автобустан түсіп жатқан жолаушылар.

Көрнекіліктерге тақталар (интербелсенді), көрсеткіш.

Жол ережелері бойынша зияткерлік карта үлгісі.

Зияткерлік картаға көмекші сызбалар:

жасыл дөңгелек - жүріп бара жатқан адам;

қызыл дөңгелек - тоқтап тұрған адам;

автобус терезесіне айқасқан екі сызық - терезеден сыртқа басты шығармау белгісі;

сұқ саусақты ерінге тіке қою;

автобус салонындағы ұстағышты қолмен ұстау;

сөмкені қолмен құшақтау;

автобустың дөңгелегі ала жолаққа жетпей тоқтап тұр, алдында қызыл жанып тұр;

ала жолақта доптың үсті екі айқасқан сызықпен сызылған;

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы;

[ж], [ш] дауыссыз дыбыстары артикуляциясының сызбалы суреттері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Көшедегі көліктердің жүрісі мен дыбыстық белгі беруі жазылған аудиожазба қосылады.

Көркемсөз, жұмбақ жасыру.

Оларсыз досыңа жедел жету мүмкін емес.

Оларсыз алыс жерлерді табу мүмкін емес.

Оларсыз балабақшаға жету екіталай.

- Балалар, бұл топтаманы таныдыңдар ма? Қалай аталады?

- Иә, ол жол көліктері. Қайталаңдар.

1.2. Логикалық жаттығу. «Артығын тап».

Балаларға барлық көлік түрлерінің қимыл үстіндегі суреті көрсетіледі.



- Балалар осы топтаманы қалай атаймыз? (Көліктер) Жарайсыңар!

- Иә. Осы көліктер арасында жол ережесіне қатынасы жоқ көліктер де бар? Олар нелер? (Ұшақ пен кеме.) Иә. Неге осы көліктерді таңдадыңдар? (Себебі, әуе көлігі мен су көлігі) Әрине, бұл көліктер үшін әуеде жүру және суда жүрі ережелері бар. Ал, жол жүруде ережелер басқа.



- Балалар, жолда ережелерді сақтау керек. Ережені сақтамаған балаға көліктер

өте қауіпті.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ


2.1. Бейнероликті (суреттер сериясы) бойынша тақпақтарды мәнерлеп оқу.

Авторы Дина Ахметова.

Жол ережелерін сақтау туралы көріністер көрсетіледі.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз



Бағдаршам көздеріне
Көңіл бөліп, өмір сүр.
Көлік толған көшеде
Ережені сақтап жүр.



Қызыл жанса – тоқтай тұр,
Жүргіншіге жол жабық.
Сары түске – дайын тұр,
Жасыл жанса – ашық жол.



Жүрген көлік тоқтасын,
Саған беріп ала жол.
Бір қолыңды көтеріп

Еркін жүріп, өтіп көр.



Көлікке кір, асықпа,
Тыныш болу мінсіз шарт.
Терезеге жармаспай,
Бас шығарма, ішке тарт.



Автобустың салоны
Толып қалса, іші тар.
Бос болмасын бауларың,
Шығар кезде, жиып ал.



Үлкен қөліктен шықсаң,
Жағаласпа, жүгірме,
Баяу бас ел артынан,
Асықпай жүр, итерме.

2.2. Зияткерлік картамен тақпақтар бойынша өздік әңгіме құрастыру.

2.2.1. Жаттығуды ұйымдастыру үшін зияткерлік картаның үлгісі қолданылады. Карта балалардың алдындағы тақтаға суреттерден бөлек орналастырылады. Зияткерлік карта бір сурет бойынша, бірақ барлық суреттерге ортақ болып әңгімені құру үлгісі болып табылады. Зияткерлік картаның ортаңғы шеңберінде бағдаршамның бейнесі орналасқан. Бағдаршамнан жан-жаққа сызықтармен қосылған бірнеше іші бос шеңбер салынған.



– Балалар, жол ережесін сақтау керек, сондықтан, біз оқылған тақпақтарды еске түсіріп, әңгіmemізді мына карта бойынша құрастырамыз.

– Екінші тақтада көптеген сызбалы суреттер бар. Тақтаға шыққан бала бір

суретті алып мына картаға орналастырады. Жол ережесін қалай сақтау керектігін айтады.

Педагог баланың жауабын немесе белгілі сөзді қосып не түбірге қажетті қосымшаны айтып көмегін беріп отырады.

Картаның алдына бірнеше баланы кезекпен шақыруға болады.

Түсіндіру барысында педагог көрсеткішпен нұсқап карта бойынша әңгімені құрастыру сызбасын тұспалдайды.

Балалар қолданатын мнемочарточкалар мына жауаптармен ұштасады:

*Жасыл дөңгелек - жүріп бара жатқан адам.



– Жасыл түс жанса, жүру керек.

*Қызыл дөңгелек - тоқтап тұрған адам.



– Қызыл түс жанса, тұру керек.

*Автобус терезесіне айқасқан екі сызық - терезеден сыртқа басты шығаруға тыйым салатын белгі.



– Автобус жүргенде басты терезеден шығаруға болмайды.

*Сұқ саусақты ерінге тіке қою.



– Автобуста тыныш отыру керек.

*Қолмен автобус салонындағы ұстағышты ұстау.



– Автобуста түрегеп тұру немесе отыру керек.

*Сөмкені қолмен құшақтау.



– Автобустан шыққанда сөмкені жинап ұстау керек.

*Автобустың дөңгелегі ала жолаққа жетпей тоқтап тұр, көліктің алдында қызыл жанып тұр.



– Жолдан көліктер тоқтағанда, бағдаршамға қарап өту керек.

*Ала жолақта доптың үсті екі айқасқан сызықпен сызылған.



– Жолда ойнауға болмайды!

Балалардың жауаптарының алдында нақтылы сұрақ қойып отыру қажет.

2.3. Сергіту сәті. Фонетикалық ритмика. «Быж-быж, пыш-пыш».

– Балалар, көшеде көптеген машинаның гүрілдеген дыбыстарын шығады.

Аралар да көп жиналса ызыңдап, шулап кетеді.

– Қазір біз машиналар мен аралардың қозғалыстарын көрсетіп көрейік.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Жу-жу, жу-жу жуылдап (екі қол шынтақта бүгулі, саусақтар екі жаққа қарап тұр, сөздердің ырғағына сай бұлғау),

Ұшып жатыр аралар.

Қанаттары быж-быж (қолдар сол қалыпта, саусақтармен белгілі мезгіл арасында өте жылдам бұлғау),

Қағылады быж-быж,

Шу-у, шу-у шуылдап (рөлді бұрағандай қимылдау),

Жүріп жатыр машина.

Дөңгелектер зу-зу (екі қолмен екі жаққа, шеңбер жасап бұрау),

Жүріп жатыр, шу-у, шу-у.

Шу-жу, шу-жу жүреміз (екі жұдырықтың сыртқы жақтарымен өзара үйкелеу),

Шу-жу, шу-жу жүреміз,

Быж-быж қағып қанатпен (саусақтармен екі жақта бұлғау),

Пыш-пыш басып шалшықпен (екі қол белде, орнында адымдау).

Шу-жу, шу-жу жүреміз (екі жұдырықтың сыртқы жақтарымен өзара үйкелеу),

Шу-жу, шу-жу жүреміз,

Быж-быж қағып қанатпен (саусақтармен екі жақта бұлғау),

Пыш-пыш басып шалшықпен (екі қол белде, орнында адымдау).

Балалардың [ж], [ш] дыбыстарының артикуляциясы, сөздердің ырғақпен айтылғаны бағаланады.

Педагог ол үшін қажетті сөздердің артикуляциясын нақтылы көрсетуі тиіс.

2.4. Артикуляциялық жаттығулар. [ж], [ш] дауыссыз дыбыстары.

2.4.1.

– Балалар, мен бір жұмбақ жасырайын, бірақ бұл жұмбақта екі жауап болады.

Мұқият тыңдаңдар!

– Көліктер жүретін жерді қалай атаймыз?

– Дөңгелектері тоқтамай, айналып нені басады?

– Әрине, бұл көше және жол.

– Осы сөздерді бөлек тыңдап көріңдер.

– Жол ...

– Көше ...

Педагог барынша [ж], [ш] дауыссыз дыбыстарды дауыс қарқынымен белгілеп, созылыңқы күйінде айтуға тырысады.

- Балалар, осы сөздерде ерекше құбылыстар мен әндер бар.
- Мысалы, жол сөзінде жжж ... шыбынның әні шығады. Қайталайық. Жжж ...
- Осы жжж ... әнін машинаның моторы да шығарады.

[ж]:

- Жжж, ж ... , ж ... , ([ж] дыбысының артикуляциясын көрсету). Менің соңымнан қайталаймыз.

Бірнеше балаға жеке қайталату, ерін (еріндердің арасы ашық), тіс (екі қатар тиістіріліп тұр, жабық тұр) қалыптарын қадағалау.



- ажж-ожж - ожау
- әжж-өжж - өжет [өжөт]
- әже - көже -
- қожа - бажа
- Көрдiңдер ме, машинаның әні осы сөздерге де сiңiп кеттi. Бұл дауыссыз [ж] дыбысы. Қайталаймыз, дауыссыз [ж] дыбысы. Жарайсыңдар!

2.4.2.

- Мысалы, көше сөзінің басында жжж ... араның әні шығады. Қайталайық, балалар! Жжж ...

[ш]:

- Балалар, ал көше сөзінде [ш] дыбысы желдің дыбысы естіледі.

- Шшш ... , ш ..., ш ..., ([ш] дыбысының артикуляциясын көрсету). Менің соңымнан қайталаймыз.

Бірнеше балаға жеке қайталату, ерін (еріндердің арасы ашық), тіс (екі қатар тиістіріліп тұр, жабық тұр) қалыптарын қадағалау.



- ашш- ошш - ошақ
- әшш- өшш - өшті
- күшті - ашты
- мешіт - машық
- Көрдiңдер ме, желдiң әні де осы сөздерге де сiңiп кеттi. Бұл дауыссыз [ш] дыбысы. Қайталаймыз, дауыссыз [ш] дыбысы. Жарайсыңдар!

Педагог екі дыбысты балаларға жекеше түрде айтқызады.

2.4.3.

– Ал, балалар, мына екі әнді қатарынан айтып, алмастырып ойнап көрейік.

көше - көже

көшек - көжек

шала - жала

шағала - жағала

шеке - жеке

шелек - желек

шелпек - жалпақ

шабыт - жабық

–Жарайсыңдар, балалар!

– Балалар, бұл [ж], [ш] дыбыстарын біз дауысты емес, дауыссыз дейміз?

Дауыссыз.

– Балалар, осы дыбыстарды айтқанда, ауаның шығуына тістер қатары кедергі болады. Қайталаймыз, дауыссыз дыбыстар! Себебі, ауаның шығуына тістердің қатары кедергі болады.

Педагог бірнеше балаға қайталатады.

2.5. Тақпақтар мазмұны бойынша сөздік жаттығу. «Тақпақ жолдарын толықтыр».

Жаттығуды ұйымдастырғанда педагог дауыс күші мен қарқынын барынша қолданып, айтылуға қажетті сөздердің алдында белгілі кідіріс жасайды.

Бағдаршам көздеріне

Көңіл бөліп, өмір сүр.

Көлік толған ... Неде? (көшеде)

Нені? (Ережені) сақтап жүр.

Қызыл Не істесе? (жанса) – тоқтай тұр,

Кімге? Жүргіншіге жабық ... не ?(жол).

Сары түске – дайын тұр,

Қандай? (Жасыл) жанса – Қандай? ашық жол.

Не істеген көлік? (Жүрген көлік) тоқтасын,

Саған беріп Нені? (ала жол).

Бір қолыңды көтеріп

Еркін жүріп, өтіп көр.

Көлікке кір, асықпай,

Қандай болу? (Тыныш) болу – мінсіз шарт.

Терезеге Не істемей? (жармаспай),

Бас шығарма, Қайда? (ішке) тарт.

Автобустың салоны

Толып қалса, іші тар.

Бос болмасын бауларың,

Шығар кезде, Не істеп ал? (жиып) ал.

Үлкен көліктен Не істесең? (шықсаң),

Не істеме? (Жағаласпа, жүгірме),

Баяу бас ел артынан,

Асықай жүр, итерме.

– Жарайсыңдар, балалар! Өте мұқият болғандарың тақпақтың жолдарын еске сақтауларыңа, тапсырманың тез орындалуына себеп болды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.

– Балалар, бүгін біз не істедік? Қай жерде болдық? Жарайсыңдар!

– Балалар, көшеде қандай қызықтар бар?

– Көшеде өз еркімен жүре беруге бола ма? Неге? Иә. Жол ережелерін сақтау керек.

– Жол ережелерін қалай ұстанамыз? Иә. Бағдаршамға үнемі қарап жүру керек. Дұрыс.

– Ал, қоғамдық автобуста еркін жүре береміз бе? Қандай ережелерді сақтау керек? (Терезеге сүйенбеу, ұстағыштарды ұстау, шуламау, шыққанда ешкімді итермеу) Жарайсыңдар!

– Балалар, дауысты дыбыстардан бөлек, тағы да қандай дыбыстар бар? (Дауыссыз дыбыстар.) Қандай дыбыстар екен? [ж], [ш] дыбыстары. Жақсы!

– Балалар, дыбыстарды дауыссыз деп қай кезде айтамыз? (Ауаның шығуына тістер кедергі болады.) Жарайсыңдар! Ұмытпаңдар. Дауыссыз дыбыстарды біз ән ұқсатып айта алмаймыз!

– Балалар, жол ережелерін ұмытпайтындарыңа сенемін. Сендердің мұқиятты, зерек болғандарың маған өте ұнады. Оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңдар!





